

«ҰСТАЗДЫҢ ОРАЛУЫ» - ҚҰНД

Биыл елімізде қазақтың ұлы даласын әлемге паш еткен дара тұлғалар Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдығы мен Абай Құнанбаевтың 175 жылдық мерейтойлары аталып өтуде. Осыған байланысты жұртшылық назарына Республикалық «Бір ел, бір кітап» акциясы аясында еліміздегі кітапханалар мен әлеуметтік желі оқырмандарының таңдауымен Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы мен Әнуар Әлімжановтың «Ұстаздың оралуы» шығармалары ұсынылып отыр.

Әлімжанов пен романның басты кейіпкері әл-Фарабидің мерейтойлары бір жылға келіп тұр. Олай деуімізге себеп - Қазақстанның халық жазушысы, қоғам қайраткері Әнуар Әлімжанов та биыл 90-ға толады. Жалпы Дж.Неру атындағы халықаралық сыйлықтың, Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Әнуар Әлімжанов есімі «Жаушы», «Махамбеттің жебесі» атты шығармаларымен оқырманға жақсы таныс.

Кезінде Мұхтар Әуезов: «Бірінші Петр Еуропаға терезе тескен болса, Әнуар Әлімжанов Азияға айқара жол ашты, ал қаламдас достары әлемдік картадан Әнуар болған елді іздегеннен гөрі ол болмаған елді іздеу оңай» деп әзілдейді екен. Бұдан Әнуар Тұрлыбекұлының көптеген елді

аралағанын аңғару қиын емес. Әнуар Әлімжанов Самарқан, Пәкістан, Шам, Үндістан, Бағдат қалаларына сапарлағанда, Фараби туралы көптеген аңыздар, әңгімелер естиді. Кітапханаларға барады, университеттерде болып сан алуан ғылыми материалдар жинады. Осы ұзақ сапардан келген соң, «Ұстаздың оралуы» шығармасын жазды.

Шығармаға үңілейік: «Қыпшақтан шыққан Мұхаммед әл-Фараби 870 жылы қамал-кала Отырарда дүниеге келді. Арабтар оны Фараба дейтін. Әбу Насыр ибн Мұхаммед содан келіп Мұхаммед әл-Фараби атанды. Әкесі Мұхаммед ибн Тархан жаугершілікпен аты шыққан қыпшақ көсемдерінің бірі болатын. Мұхаммедтің тұңғыш мектебі атақты Отырар кітапханасы болды. Баланың жа-

зуы тасқа басқандай әдемі еді. Жастайынан ақын һәм музыкант атанып, өсе келе грек тілін жақсы білетіндіктен Аристотель мен Платон еңбектеріне қанықты, математика мен астрономияға, дәрігер өнеріне ден қойды, музыканың теориялық негіздерін зерттеді. Логика саласындағы тұңғыш трактаттары Бағдад, Мысыр және Халеб ғұламаларына танымал болып, өз заманының аса ірі ғалымы деген даңққа бөледі.

Әл-Фарабидің әкесі баласының өзі сияқты қолбасшы болғанын қалады. Әкесінің мазасызданатыны ұлы жасық мінезді, қағаз көшіргіш, біреулер жирене теріс айналатын өлеңші боп кетер ме деген қауіп. Бірақ әкенің аты әке ғой, кейде Отырардың оқымысты ғұламалары - кәдімгі әмірші алдында - оңаша бас қосқан отырыстарында оған: балаң бір Алланың өзіне ғана аян, мұнда жоқ ғұлама болуға лайық дарын иесі деп мақтасқанда, едеуір көтеріліп, өсіп қалатын.

Білімнің өзі де күшке қызмет етеді емес пе. Мұны басқа білмесе де қыпшақ руының басшысы — ол білетін, өйткені

одан шаһардың ұлы әміршісінің өзі де именетін-ді. Сондықтан ұлы жаугер Мұхаммед ибн Тархан ибн Узлаг ат-Түркі өзінің баласын шындық жолына салуды ұйғарды. Ол ұлының әкесіне еріп аңға шықпай қалғанына қатулы еді, енді соны шақырып келуге арнайы адам жіберді. Бұл кезде Әбу Насыр 24-те болатын. Аң аулап жүрген әкесіне тұтқиылдан жасалған шабуылды Әбу достарымен келгенде бір-ақ білді, бұлардың келгенін көрген жаушылар қашып кетеді. Әбу Насырдың әкесі осы жерде ауыр соққыдан көз жұмады. Әкесінің көзі кеткесін, әкеден қалған мұраны, дүние-мүлік, үйіне дейін тартып алады. Бұрынғы достарының өзі бұдан теріс айналады. Тек бұған келіп сырын-мұңын айтып жылайтын кедей шаруаның қызы Әнида ғана болды. Әкесі өлген соң, елден көңілі қалған Әбу Отырардан қашпаққа бел буады. Ол Әниданы сүйетін, туған қарындасындай қорғансыз, нәзік жаратылыстай сүйетін. Отырардан кетерінде қызға қосыла тұрып өзі де жылаған еді.

Ы ЕҢБЕК

Сол кеткеннен бір жылдан кейін бар тапқан ақшасына (дирхемдеріне) Бұқар базарынан сатып алған кітаптарын қапқа салып арқалап, туған жері Отырарға оралады. Келуінің басты себебі, былтыр қимай қоштасқан Әниданы іздеп келген. Бұл кезде Әниданы әкесі сол жердің қасапшысына сатып жіберген еді. Әбу қасапшыдан Әниданы алып қашпақшы болады, алайда қолға түсіп, қамауға алынады, өлім жазасына кесіледі. Кезінде әкесімен дәмдес болған рулас, жүзбасылары шаһар әміршісінен бұрынғы Тархан баласына кешірім жасауын өтініп, ара түседі. Әміршінің мейірімі түсіп, әрі жер білетінін, әсіресе тіл білетінін ескеріп, Әбудің өлім жазасын кешіріп, қыпшақ, қаңлы, қоңырат, үйсін, жалайыр руларынан іріктеліп жиналған ірі, мықты жігіттерге бас қылып Бағдатқа жібереді.

...Содан отыз жыл өткеннен кейін ол халиф әл-Мұхтадирдың бұйыруымен саманидтер шахы Нәсір ибн Ахмедтың шақыруымен туған өлкесіне Бұхарға келген болатын. Осы жерде Фарабидің көп

жылдардан бергі елге оралу, елді көру, елге деген сағынышы, махаббаты одан сайын оны қамшылай түсті. Алыста қалған балалық шағының ұмытылмас суреттерін ой-көзімен елестетсем деп отырып, ол сарайда не болып, не қойып жатқанын аңғарудан қалған. Оны «Отырарым міне жақын, қалайда елге жетем» деген ой мазалаумен болды...

Ол туған жеріне жетуді өмір бойы армандаған. Балалық, жастық шағынан қалған әсерлер тек жарқын сәттерімен ғана әсуленіп, туған жері бұған дүниедегі ең әсем, сұлу өлке боп елестейтін...».

Әнуар Әлімжанов бұл шығармасын бастарда: «мен педагог та, психолог та, философ та емеспін» деген еді. Бірақ «Ұстаздың оралуын» оқи отырып, оның көркемдік жағынан ғана емес, тарихи-философиялық жағынан де өте құнды еңбек екенін аңғару қиын емес.

Баян ӨТЕБАЕВА,
ҚР Ұлттық кітапханасы
«Қазақстан кітаптары» қызметінің
топ жетекшісі